

ГЛОССАРИЙ

Әдеби кеш – әдеби тақырыпқа баяндама, әдеби бөлім, құжаттарды көрсетуді қамтитын көпшілік шара.

Әдеби ойын – пайдаланушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыратын, кітапханалық-библиографиялық, әдеби білімнің артуына әсер ететін кітапханалық-библиографиялық қызмет түрі.

Әдебиеттер көрмесі – әдебиеттерді көрнекі насихаттаудың негізгі түрі, баспа шығармаларының арнайы іріктеп алынған және жүйеленген, оқырмандардың көріп-танысуы үшін ұсынылатын әдебиеттер тізімі.

Әдебиеттерді көрнекі насихаттау – оқырмандардың әсерлене түсінуі үшін, сан түрлі құралдарды пайдалан отырып, әдебиеттерді насихаттау түрі.

Әдебиетті ауызша насихаттау – жанды сөз көмегімен әдебиеттерді насихаттау.

Әдебиетті насихаттау – оқырмандарды тәрбиелеу, олардың мәдени және кәсіби деңгейін арттыру, санасы мен мінез-құлқына әсер ету, оқуға басшылық жасау мақстында баспа шығармаларының бағасын арттыру.

Балалар кітапханасы – мазмұны мен бағытан сәйкес дәстүрлі және электрондық –библиографиялық ақпаратты дайындап, тарататын, балаларға кітапханалық-библиографиялық қызмет көрсететін кітапхана

Жасөспірімдер кітапханасы – 14-20 жас аралығындағы жасөспірімдерге кітапханалық қызмет көрсететін әмбебап кітапхана.

Кітап туралы әңгіме өткізу – оқырмандармен әңгіме, әдебиеттерді беру және қабылдау кезінде жүргізілетін жеке жұмыстың негізгі түрі болып табылады. Ол ұсыныстық және оқылған кітап туралы болып бөлінеді.

Кітапхананың көпшілік жұмысы – кітапхананың оқырмандар мен халық арасында баспасөз шығармаларын және басқа да

құжаттарды ауызша және көрнекті насихаттау жұмыстарының түрлері мен тәсілдерінің жиынтығы.

Медиаотека – аудиовизуалды материалдарды жинақтау, сақтау және оны пайдаланушыларға ұсыну міндеттерін атқаратын қор бөлігі, ұйым немесе қызмет орны.

Тұлға – ерік-жігерінің іске асуы, өз ойын еркін іске асырудың дайындығы және оның іске асуының нәтижесі.

Жан-жақты мәдениетті тұлға – деп өз мәдениетіне де, өзге мәдениетке де тәнті адам деп танымыз.

Тәрбие – қоғамдық, өндірістік және мәдени өндірістің белсенді қатысушысын даярлауды мақсат етіп қойған, жеке адамды қалыптастырудың жүйелі үлгісі.

Адамгершілік тәрбиесі – тәлім-тәрбиенің ықпалды әсерімен моральдық сананы қалыптастырудың, этикалық білімділікті, адамгершілік сана-сезімді қалыптастырудың сара жолы.

Патриотизм – халықтар мен ұлттардың өз Отанына, мемлекетіне деген сүйіспеншілігімен қатар, әлемдік дамудың тыныштығы мен бейбітшілігін сақтау үшін барлық күш-жігерін жасауға ұмтылу, отан үшін қызмет етуге дайын, шын берілген, отанға деген сүйіспеншілік қасиеті.

Мектеп кітапханасы – жалпы білім беретін мектептердің оқушыларына, мұғалімдер ұжымына білім алу мен тәрбие беруге, шығармашылық мүмкіндіктері мен мәдени, кәсіби деңгейлерін арттыруға көмектесетін, кітапханалық қызмет көрсетуді ұйымдастыратын кітапхана.

Оқуға ынталандыру – әдебиетті таңдауға, оқуға, ынталандыруға ықпал ететін кітапханалық-библиографиялық насихаттау түрлері.

Оқырман конференциясы – пайдаланушылар мен құжаттарды таңдап оқуына белгілі әсері бар тартымды, әрі маңызды қарым-қатынасы.

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

АБА - Анықтама –библиографиялық аппарат
АБҚ - Анықтама-библиографиялық кор
АЖ - Автоматтандырылған жүйе
АПК – Алфавиттік-пәндік көрсеткіш
АІА – Анықтама –іздістіру аппараты
АІЖ - Анықтама – іздістіру жүйесі
ӘОЖ -Әмбебап ондық жіктеу
БЖ- Библиографиялық жазба
БМБ - Библиографиялық мәліметтер базасы
БМҚ - Библиографиялық мәліметтер қоры
БС – Библиографиялық сипаттама
КБЖ - Кітапханалық-библиографиялық жіктеу
ҚАСӨ - Құжаттарды аналитикалық-синтетикалық өңдеу
МБ – Мәліметтер базасы
АК - Алфавиттік каталог
ПК - Пәндік каталог
ЖК – Жинақ каталог
ЭК - Электронды каталог

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРДЫҢ НӨМІРЛЕР ЖҮЙЕСІ

1. **ISNT** (Interested Standard Name Identifier) – Халықаралық атаулардың стандарттары
2. **ISWC** (International Standard Musical Work Code) – Халықаралық музыкалық шығармалардың стандарттар коды
3. **ISTS** (International Standard Musical Work Code) - Халықаралық текстуальды шығармалардың стандарттар коды
4. **ISAN** (International Standard Audiovisual Number) - Халықаралық автовизуальды стандарттар номері
5. **ISMN** (International Standard Musik Number) - Халықаралық музыкалық шығармалар басылымдарының стандарттар номері
6. **ISBN** (International Standard Book Number)- Халықаралық кітап стандарттар номері
7. **ISSN** (International Standard Serial Number) - Халықаралық сериалы басылымдар стандарттар номері
8. **ISRC** (International Standard Recording Code) - Халықаралық дыбысжазылымдарының стандарттар номері
9. **URN** (Universal Resource Name) - Әмбебап ресурстар атауы
10. **DOI** (Digital Object Identifier) – Сандық нысанның идентификаторы
11. **NBN** (National Bibliographie Number) - Халықаралық библиографиялық номер